

Кәсіпкерлік қызметтің заманауи формаларының қалыптасуы мен дамуының алғышарттары

Т.Б.Казбеков

Менеджмент кафедрасының профессоры э.ғ.к.

anuarbek.kazbekov@mail.ru

Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Кәсіпкерліктің инновациялық формаларының қалыптасуы мен дамуы – қазіргі заманғы экономиканың басты бағыттарының бірі. Инновациялық кәсіпкерлік жаңа технологияларды, әдістерді және идеяларды енгізу арқылы нарықтық бәсекелестікті арттырып, ұлттық экономиканың тұрақты дамуына ықпал етеді. Бұл форма кәсіпкерлік қызметтің жаңа салаларын ашуға, өндіріс тиімділігін арттыруға және қоғамның әлеуметтік-экономикалық сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін заманауи инфрақұрылымды құру, мемлекеттік қолдауды күшейту және білім мен ғылымды интеграциялау маңызды. Инновациялық формаларды қалыптастыру мен дамыту экономикаға бәсекеге қабілеттілікті арттырып қана қоймай, қоғамның өмір сүру деңгейін жақсартуға, сондай-ақ әлемдік нарықтағы орнын нығайтуға жағдай жасайды.

Кілт сөздер: инновациялық кәсіпкерлік, стартап, венчурлік қаржыландыру, технологиялар, экономикалық даму.

Кәсіпкерлік тұрақты түрде жаңарып отыратын сұранысты қанағаттандыру мен пайда табу үшін тауарлар мен қызметтер өндірісін ұйымдастыру үрдісі ретінде, сонымен қатар, осы үрдісті басқару функциясы тұрғысында өзінің тарихы мен даму динамикасын иемденеді. Рим құқығында «кәсіпкерлік» кәсіп, іс, қызмет, әсіресе коммерциялық сипатында қарастырылады [1]. «Кәсіпкерлік» түсінігіне енетін терминологиялық мағына мен мазмұны экономикалық теорияның дамуына байланысты өзгеріп және реттелініп отырды.

Кәсіпкерлік түсінігінің түпкі мәнінде ерікті кәсіпкерлік мағынасы айқындалады. Осы екі түсінік нарықтық экономикада синоним ретінде қарастырылуы мүмкін. Ерікті кәсіпкерлік, яғни, қандай да болмасын тұлға экономикалық емес сипаттағы қандай да бір шараларсыз және де өз меншігін пайдалануда, жеке меншіктік істі құруға, тауарларды өндіруге және де осы тауарларды нарықта сатуда басқалармен бірдей қалыпта бәсекелесумен байланысты қызметтерді жүргізе алумен сипатталады.

Кәсіпкерліктің инновациялық формалары экономикалық жүйенің белгілі бір типімен байланысты. Оның қалыптасуы мен нығаюына ықпал еткен маңызды бірқатар факторлар мен алғы шарттарды атап өтуге болады:

- азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы;
- жеке тұлғалық идеялардың қалыптасуы мен оны іске асырумен байланысты іс-әрекеттер;
- ерікті түрде экономикалық таңдау мен бостандықпен байланысты меншіктік қызметпен шұғылдануға құқықтың қалыптасуы;
- меншіктің мемлекеттік биліктен, сәйкесінше экономикалық биліктің саяси биліктен ажыратылуы;
- өмірдің экономикалық, әлеуметтік және саяси аспектілерінің бір-бірінен бөлінуі;
- нарықтық экономиканың қалыптасуы және т.б.

Нарықтық экономиканың қалыптасуының маңызды алғы шарттарына қоғамның әр мүшесінің меншікке құқығынан айырмау, экономиканың саясаттан бөлінуі, азаматтық қоғам мен мемлекеттің дербес қызмет атқаруын атап өтуге болады.

Көптеген тәжірибешілер мен зерттеушілер пайда алуға басымдықты таныта отырып, оны соңғы мақсат ретінде қарастырады. Бірақта, кәсіпкерлік өзінің соңғы мақсаты ретінде тек пайданы ғана емес, сұраныстың қайта қалпына келуімен және де жеке тұлғаның немесе

әлеуметтік топтың, тұтастай қоғамның тұрақты түрде ұлғаймалы, өзгермелі қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты қайта өндірістік үрдісіндегі үздіксіздігіне негізделеді.

Осыған байланысты кәсіпкерлікті соңғы тұтынушылардың өнімдер мен қызметтерге сұранысы, қажеттілігіне өзгерістерді үздіксіз іздеу үрдісі ретінде және де осы қажеттіліктерді өндірістің әр сатысында максимум өнімділікті әкелетін ең жақсы жаңалықтарға бағытталған өндірісті, өткізуді, маркетингті, логистиканы, менеджментті ұйымдастыру жолымен қанағаттандырумен байланысты қызметтерді енгізетін үрдіс ретінде қарастырғанымыз орынды. Бұл жағдайда басты назар пайда максималдылығына емес тұтынушыларға, кәсіпкерлікті жоғарғы деңгейде ұйымдастыру деңгейі арқасында қанағаттандырылуы тиіс олардың қажеттілігіне аударылады.

Кәсіпкерлік – ол жай ғана бизнес емес, ол жаңалық, бюракратияға қарсы, тұрақты белсенділік қағидалары тән болып табылатын, өндіріс, маркетинг, тауарлар мен қызметтерді тарату мен тұтыну үрдісінде жаңа енгізілімдерге бағдарланған шаруашылық стилі. Ал бизнес – инновациялық үрдісті дамытудағы белсенділіксіз, жаңалықсыз тауарлар мен қызметтерді өндіру, тарату мен өткізуді ұйымдастыру саласында өнімділікті ұлғайтатын қызмет. Ол бір жылдан екінші жылға сыналған технология, нормалар мен ережелер шегінде қалыптасқан сұранысты қанағаттандыру үшін өндірісті, өткізуді, үлестіруді немесе басқа да қызметтерді ұйымдастыру немесе іске асыру.

Кәсіпкерліктің және кәсіпкерлік қызметтің экономикалық мәнділігін айқындау, қазіргі уақытта әлі де болса өзектілігі жоғары болып саналатын кәсіпкерлік не кәсіпкерлер туралы іргелі жағдайларды зерделеулермен тығыз байланысты.

Шет елде және біздің мемлекетте де жалпы кәсіпкерліктің қалыптасуының экономикалық теориясы қабылданбаса да, өз тарапымыздан кәсіпкерлік қызметтің даму теориясының «үш толқынын» сипаттауға болады.

Осы «үш толқынды» - кәсіпкерлік тәжірибесінің ғылыми түсініктемесі үрдісінің дамуы тұрғысында қарастыруға болады [2].

Кәсіпкерліктің даму теориясының «бірінші толқыны» XVIII ғасырда пайда болып, «кәсіпкерлік» термині ең алдымен тәуекелдік ұғымымен түсіндіріліп, ал кәсіпкер тауарлар, қызметтер өндірісі мен оны өткізуде өзіне белгілі бір тәуекелдікті алатын адам ретінде сипатталған. Бизнес теориясының, тіптен кәсіпкерлік қызмет пен кәсіпкерді зерделеудің қайнар көзінде атақты ағылшын экономисті, банкир Ричард Кантиллионның (1680-1734 жж.) атқарған еңбегі зор.

«Кәсіпкер» ұғымының ғылыми түсінік ретінде қалыптасып, жалпыға бірдей қолданылуға ұсынылуы, нақты осы ғалым-маманның арқасында деп танылуда. Бұл ұғым, оның қайтыс болғаннан кейін жарық көрген «Барынша сауда табиғаты туралы» (1755) атты кітабында өз көрінісін тапқан. Кантиллион кәсіпкерді тұрақты емес негізде белгілі бір пайда алу үшін өз тәуекелділігі мен басқа да қауіп-қатерлері негізінде қарапайым жұмыскер мен мемлекеттік қызметкерлерден ерекше қызмет атқаратын адам ретінде өзіндік сипаттама берген.

Кейірек, XVIII ғасырдың екінші жартысында Квисней бастаған физиократтар кәсіпкерлік тұжырымдамасын өрбітті. Олар да кәсіпкерлер қызметі анықсыздықпен байланысты екендігіне келісе отырып, әрі қарай осы өндіріс үрдісінің анықтамасын енгізді, яғни кәсіпкер пайда алу үшін белгілі бір экономикалық ресурстарды игеруі қажет деп санаған. Олардың талқылауларында, кәсіпкер өнім өндірісін ұйымдастыра отырып, жаңа өткізу нарығын іздестіріп, жаңа тәсілдерді енгізуі орын алған.

Осы теорияның әзірленуі мен қалыптасуында Жан Батист Сэйдің (1767-1832) еңбегі зор. Өндірістік үрдісте – ғылыми, кәсіпкерлік және өндірістік 3 кезеңді айқындап, ол 2-ші және 3-ші кезеңде негізгі қызмет атқарушы тұлға ретінде кәсіпкер болуы қажет деп түсіндірген. Кәсіпкерді, «өз есебі мен тәуекелі негізінде өзіне ұтымды қандай да бір өнімді өндіруші тұлға» ретінде сипаттай отырып, кәсіпкер функциясына үйлесімділіктегі – капитал және еңбек, ақпараттарды және тәжірибені жинақтау, сәйкесінше шешімдерді қабылдау, өндірістік үрдісті бастау мен жүргізу өндіріс факторларын қосқан. Осылармен бірге, ол кәсіпкер мәніне

келесідей бірегейлік түсініктер береді: кәсіпкер – төменгі өнімділік және тиімділікпен сипатталынатын саладан ресурстарды басқа жоғарғы нәтиже (пайда, табыс) беретін салаларға «ауыстыру» жолында өндіріс факторларын қосу арқылы, қисынын келтіретін экономикалық агент. Сәйкесінше, кәсіпкерлік – барлық ресурстарды тиімді қолдану мен ең жоғарғы нәтижелі пайда алуға бағытталған өндіріс факторларының тұрақты түрде қосылуы, түйдектелінуімен байланысты экономикалық қызмет.

Кәсіпкерлік теориясының қалыптасуына елеулі еңбек сіңірген ғалымдардың кезектісі – Адам Смит (1723-1790). Кәсіпкер – қандай да бір коммерциялық идеяны іске асыру үшін экономикалық тәуекелділікті өз мойнына артып, пайда алуға ұмтылатын капитал меншік иесі. Оның пікірі бойынша, кәсіпкер басым жағдайда капиталист болып саналады. А. Смит жеке меншікті, кәсіпкерліктің материалдық негізі ретінде қарастырады, бірақта, жеке тұлға белсендігіне шексіз сенімділігі болмаған. Жеке кәсіпорынның қоғамға пайдалы болуы үшін 2 маңызды шарт қажет:

- кәсіпкер кәсіпорыннан жеке басты табысты қамти алуы керек;
- бәсеке оны белгілі бір шартты жағдайда ұстауы керек.

Осы пікірлермен қатар, ол мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке тікелей араласуына қарсы болған алғашқы ғалым-экономист мемлекет қандай да бір салыстырмалы ережелерді емес, жалпы хағидалық негізде банктік акциялар %, құнын (ең төменгі), шамасын және т.б. бекітуі керек). Ол кәсіпкерлер арасында бәсекенің дамуын қалай отырып, ірі монополияның қалыптасуына қарсы болған. Оның салық жүйесі мен кедендік баж салықтарына қатысты ғалыммен әзірленген ұсыныстары кәсіпкерліктің дамуында маңыздылығы зор болып табылады.

Қарастырып отырған кәсіпкерліктің теориялық дамуында австриялық мектептің негізін қалаушысы Ф.Визердің көзқарасы қызығушылықты тудырады. Кәсіпкер - өндіріс құралдарының меншік иесі және жұмыс беруші, кредитор және дебитор, жалға беруші және жалға алушы. Бір мезетте, ол кәсіпорынды басқаруға қатыса алады. Оның экономикалық озаттылығы кәсіпорынның қалыптасуынан басталады: «ол - тек қажетті капиталмен жабдықтауды іске асырмай, сонымен қатар, идея ұсынады, жоспарды нақтылайды, іске асырады және қызметкерлерді тартады». Қазіргі заманғы түсінікте, ол - капитал меншік иесі мен оны басқару функциясын қатар жүргізуші тұлға.

1890 жылы Альфред Маршалл өзінің зерттеулерінде менеджер (әкімшілік) мен кәсіпкерлер арасындағы айырмашылықтарға назар аударған. Менеджер кәсіпорында өте маңызды функцияны атқарғанмен, тек қана кәсіпкер бизнестің табыстылығына жауапкершілікті және тәуекелдікті толығымен өзіне жүктейді және де осы себептен ол менеджерге де кәсіпкерге де қажетті қасиеттер мен ерекшеліктерді меңгере білуі керек. Осындай жолмен, яғни кәсіпкер мен менеджердің арасындағы айырмашылықты Маршалдың көрсетуі, оның еңбегінің құндылығын байқатады.

Кәсіпкерліктің ғылыми түсініктемесіндегі «екінші толқын», оның негізгі ерекшелігі сипатындағы инновациялықпен айқындалады. Осы толқынның жарқын өкілдеріне Ф. Хайек, Й. Шумпетер, П. Друкер жатады.

Ф. Хайек пікірі бойынша, кәсіпкер шаруашылықтық субъект ретінде ерекше мінез-құлықпен, басқа шаруашылықтық субъектілермен пайда алудың әртүрлі мүмкіншіліктерін пайдалануға ұмтылумен сипатталады. Ол, кәсіпкердің өткір нарықтық бәсеке жағдайында қызмет атқара отырып, онда шыдамдылық танытқандар жеңіске жетіп, өмір сүретінін атап өткен. Осылармен бірге, Хайектің келесі бір ой-пікірі елеулі түрде қызығушылықты тудырады: «Жана мүмкіншіліктерді сынап көруге дайын, жеке тұлғалар үлесі барлық жағдайда бірдей. Кәсіпкерлік рухының бірқатар мемлекеттерде болмауы, олардың тұрғындарының өне бойында қалыптасқан қасиет емес, қызмет етуші дәстүрлер мен институттар қалыптастырған шектеуліктер нәтижесі». Осыған сәйкес, кәсіпкерлікті дамыту үшін қоғамдық менталитетті өзгерту қажет, мемлекетте сәйкесінше кәсіпкерлік инфрақұрылымдарды қалыптастыру керек.

Йозеф Шумпетерді, көп жағдайда қазіргі заманғы кәсіпкерліктің әкесі деп атайды. Өзінің ілімдерінде, ол кәсіпкердің менеджер тұрғысында қолдағы бар бизнесті басқарушы бейнесінен

алшақтаған. Кәсіпкер мәні, ол қозғалыстары өз кезегінде жалпы экономикалық өсім немесе қазіргі өндіріс циклдарын жылдамдататын өндіріс күштерін жаңадан қиыстыру мен ұйымдастырумен айқындалады. Шумпетер кәсіпкерлердің қызметтерінде қолданылуы мүмкін келесідей бағыттарды анықтайды: жаңа өнімдер немесе қызметтер, өндірістің жаңа әдістері, өткізудің жаңа нарықтары, жабдықтаудың жаңа көздері, ұйымдардың жаңа нысандары. Ол кәсіпкерлерді қарапайым алып-сатушылар мен инвесторларға қарағанда, әртүрлі ресурстарды үйлестіру жолымен жаңа бизнесті құратын әлеуметтік-экономикалық жаңашылдар деп атаған. Шумпетер кәсіпкердің ынта туғызушы салдары мен себептері мәселелерін зерттеген. Кәсіпкерлікпен айналысуға ықпал ететін ынтаның үшінші тобына басқа да жағдайларда туындайтын шығармашылықты атап өтуге болады, бірақта кәсіпкерлік қызметте ол кәсіпкерлер мінез-құлығын айқындаушы ынта болып саналады. Сонымен қатар, осы кәсіп адамның «өзі құрған, ойлап тапқан өнерінің» қуанышы мен жұмыстан алатын қанағаттанушылық сезімі.

Кәсіпкерлікті дамыту үшін, ол екі негізгі факторды айқындаған: а) ұйымдастырушылық-шаруашылықтық жаңашылдық; б) экономикалық еріктілік. Сонымен бірге, ол кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің араласуына қарсылық білдіре отырып, ерікті кәсіпкерлікті қорғаушысы болып саналады.

«Үшінші толқын» кәсіпкердің ерекше тұлғалық сапаларына (экономикалық және қоғамдық жағдай өзгерістеріне дайын болушылық, шешімдерді таңдау мен қабылдаудағы дербестік, басқарушылық мүмкіндіктерінің болуы) және экономиканың теңдік жүйесін реттеуші тұрғысындағы кәсіпкерлік маңыздылығына назар аударумен сипатталады.

Кәсіпкерлік теориясының әзірленуі мен танымалдығының артуына германдық экономистер мен әлеуметтанушылар (Г. Шмоллер, М. Вебер, В. Зомбарт) көп еңбек сіңірді. Олар, кәсіпкер мен кәсіпкерлік қызметтің әлеуметтік, дүниетанушылық, рухтық, этикалық, сипаттамалық факторлары мен аспектілеріне назар аударды.

Қазіргі заманғы менеджмент бойынша алдыңғы қатарлы озық маман, американдық ғалым Питер Друкердің пікірі бойынша, кәсіпкерлікті ғылымға да, өнерге де тән етіп қарастыруға болмайды. Бұл мазмұнында барлық саладағы жаңа енгізілімдер, оның ішінде, басқарумен сипатталатын нақты қызмет. Друкердің пікірі бойынша, «жаңа енгізілімдер кәсіпкерлердің ерекше құралы болып табылады, осының көмегімен бизнес және қызмет көрсету саласында өз идеялары мен тапқыр ойларын іске асыру үшін жағымды мүмкіндіктер өзгерістерін қолданады. Сондықтан да кәсіпкерлер міндетіне жаңа енгізілімдер көзін мақсатты бағытта іздестіру, сонымен қатар, табыстылыққа қол жеткізу мүмкіндігіне сілтейтін белгілерін өзгерту жатады».

Харви Либенштейн кәсіпкерлік белсендіктің екі түрін қарастырады: біріншісі, күнделікті ескілікке негізделген менеджментке тән операцияларды жүргізумен байланысты, екіншісі, - инновациялық қызметпен байланысты. Бірінші қызмет түрі, тұрақты, жақсы зерделенген нарықтық ортада қызмет атқаратын кәсіпорынды басқарумен байланысты. Инновациялық қызмет жаңа нарықтар, жаңа тауар мен қызметтер өндірісі шартындағы жұмыстарды білдіреді. Кәсіпкер әртүрлі нарықтық жағдайда қызмет атқара білуі керек.

Қазақстан экономикасында кәсіпкерлік теориясының қалыптасып, дамуында бірқатар зерттеулер тәуелсіздік алған жылдардан бастап белсенді түрде ғалым-мамандармен жүргізілуде. Солардың ішінде, О.С. Сәбден, А.Н. Тоқсанова, К.О. Окаев, Н.Т. Смагулов, Н.К. Мамыров, Ә.Ә. Әлімбаев, С.Р. Есімжанова және басқалардың зерттеулерін атап өткен жөн.

Кәсіпкерлік, оның ішінде шағын бизнеске қатысты мәселелері мен ерекшеліктеріне ғылыми зерттеулерін арнаған экономика ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Нүрпейісқызы Тоқсанованың пікірі бойынша: «Кәсіпкерлік – белгілі бір тәуекелдікпен жаңа кәсіпорынды құру немесе қызмет етушіні дамытумен байланысты инновациялық қызмет» [3].

Кәсіпкерліктегі «табыстылық», «пайда» ұғымдары қосымшада қарастырылған.

Кәсіпкерлік қызмет теориясы дамуының қазіргі заманғы кезеңін «төртінші толқынға» жатқызуға болады. Осы кезеңнің пайда болуы кәсіпкерлер қызметін талдауда басқарушылық аспектіге, сәйкесінше кәсіпкерлік мәселелерін талдауда ауысуымен байланысты.

Қазіргі заманғы теорияларда 7 кәсіпкерлік тұжырымдама айқындалады (кесте 1), осылардың әрқайсысы өзіндік мектеп ретінде бола отырып, кәсіпкерлік пен кәсіпкерлік үрдістің түсініктемесін береді.

Қазіргі заманғы тұжырымдаға сәйкес, кәсіпкерлік ретінде – шаруашылықтық қызметті атқаратын үрдіс тұрғысында келесідей сипаттамаларды енгізеді:

- неғұрлым көп пайда алуға ұмтылушылық;
- тәуекелділікке баруға даяршылық;
- жаңаға (жаңашылдыққа) ұмтылушылық, негізделушілік.

Осы сипаттамаларға және де жоғарыда қарастырылған кәсіпкерліктің ерекшеліктеріне байланысты кәсіпкер және кәсіпорын ұғымдарына төмендегідей түсініктеме беруге болады:

Кәсіпкер – заңмен тиым салынбаған кез келген шаруашылықтық қызметпен (саудалық-сатып алушылық; кеңестік, коммерциялық делдалдықты енгізе отырып құнды қағаздармен операциялар) айналысуға құқығы бар тұлға: Кәсіпкер өз қызметінде пайда алу мақсатында қоғамдық игі істерді атқара отырып жеке даралық табыстылықты қамтамасыз ету қызметін іске асырады. Кәсіпорын – ол өзіндік өндіріске қабілеті бар және де шаруашылықтық-өндірістік міндеттерді шешу үшін бағдарланған мүліктік оқшауланған шаруашылықтық бірлік.

Кесте 1

Кәсіпкерліктің қазіргі заманғы тұжырымдамасы

Ғылыми мектеп атауы	Негізгі тұжырымдама	Мінез-құлық және мүмкіншіліктер	Өмір сүру кезеңі
Тұлғалық сапа мектебі	Табиғи мүмкіншіліктерді меңгерген тұлға	Ішкі сезім, сергектілік	Бастапқы кезең
Психологиялық мектеп	Ерекше құндылықтар мен көзқарастар жүйесі	Тәуекелге қабілеттілік	Бастапқы кезең
Классикалық мектеп	Инновация және бизнес мүмкіндіктері	Инновациялық белсенділік	Бастапқы кезең
Лидерлік мектеп	Лидерлік және ынталандыру қабілеті	Басқарушылық, лидерлік	Даму кезеңі
Ішкі кәсіпкерлік мектебі	Тәуелсіз құрылымдық бірліктер құру	Мүмкіндіктерді қабылдау	Жандану кезеңі
Маркетинг мектебі	Сұранысқа сай үздіксіз ізденіс	Маркетингтік талдау	Даму кезеңі
Менеджмент мектебі	Басқарудың барлық функцияларын игеру	Ресурстарды тиімді басқару	Даму кезеңі
Ескерту – Автор құрастырған			

Жоғарыда қарастырылған кәсіпкерлікке қатысты зерттеулерді талдай әрі қорытындылай отырып, өз тарапымыздан кәсіпкерлікке келесідей анықтама береміз: «Кәсіпкерлік – азаматтардың жеке табыс бен пайда игеру мақсатында өзіндегі бар мүлікпен, өз атынан немесе заңды жауапкершіліктегі заңды тұлға ретінде тәуекелдікке бара отырып, жаңашылдыққа негізделіп белсенді түрде белгілі бір қызметті іске асырумен байланысты үрдіс».

Әдебиеттер тізімі

1. Кокурин Д.И., Николаева И.П., Шепелев В.М., Ковалев Г.Д. Ресурсы инноваций: организационный, финансовый, административный: учебное пособие. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2021. – 318 с.
2. Лапуста М.Г., Поршнева А.Г. и др. Предпринимательство. М.: ИНФРА-М, 2020. – 448 с.
3. Токсанова А.Н. Основы предпринимательской деятельности. - Астана, 2019. – 480 с.